

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы «SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI»</b>	ІНҚ IV-14-2024 01 нұсқа Күні 2024.30.10 1-бет 16-дан
---	---	---

**Бекітемін**  
**«Әбілқас Сағынов атындағы**  
**Қарағанды техникалық**  
**университеті» КеАҚ**  
**Басқарма Төрағасы - Ректоры**  
 С. Сагинтаева  
 2024 ж.  
 Ғылыми кеңестің шешімі  
 «30» қазан 2024 ж. № 3 шешімі



**«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI»**  
**ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛҒАН ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ**  
**АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ГРАНТЫНА ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

**ІНҚ IV-14-2024**

**Дайындаған:**  
 ИжҒТБ бастығы  
 Р.К. Азилханов

ИжҒТБ инженері  
 Макашева А.Т.

**Қарағанды**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 2
---	--	---

## Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3 Конкурстың мақсаттары мен міндеттері	3
4 Конкурсты ұйымдастырушылар мен жұмыс органдары	4
5 Ұйымдастырушының және Конкурстық комиссияның функциялары	4
6 Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беру тәртібі	4
7 Конкурстық іріктеу өлшемшарттары	6
8 Конкурсты өткізу, қорытындылау тәртібі	7
9 Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың құқықтары мен міндеттері	7
10 Құжатқа өзгерістер енгізу	8
11 Келісу және қолданысқа енгізу	8
12 Құжатты көбейту және тарату	8
13 Сақтау	8
А қосымша Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсына қатысушы туралы мәліметтер	9
Б қосымша Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қараған- ды техникалық университетінің грантына арналған ғылыми жобалар кон- курсына қатысуға арналған аннотация	11
В қосымша Презентация құрылымы	13
Г қосымша Жоба бойынша шығындар сметасы	14
Д қосымша Келісу парағы	15
Е қосымша Танысу парағы	16

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 3
---	---	---

## 1 Қолдану саласы

Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу туралы осы Ереже Конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің (бұдан әрі – Университет) жас ғалымдары арасында осы Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды, конкурстық комиссияның жұмыс регламентін, ғылыми жобаларды конкурстық іріктеу өлшемшарттарын айқындайды.

## 2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде тиісті анықтамалары мен қысқартулары бар мынадай терминдер қолданылады:

- **Грант** – ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге конкурс жеңімпаздарына берілетін нысаналы ақшалай қаражат;
- **Конкурс** – жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсы;
- Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы;СК –сараптамалық кеңес;
- **ҒТК** – ғылыми техникалық кеңес;
- **ЖҒК** – жас ғалымдар кеңесі;
- **БСӨ** – басшылықтың сапа жөніндегі өкілі;
- **ҒЖИД** – Ғылым және инновациялар департаменті;
- **ЭҚ және БЕД** – экономика, қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті;
- **ЖҒ** – жас ғалым 35 жасқа дейін қоса алғанда;
- **ҒЗЖ** – ғылыми-зерттеу жұмысы.
- **ISSN** – Халықаралық стандартты сериялық нөмір — мерзімді баспа немесе цифрлық басылымды анықтайтын бірегей халықаралық 8 таңбалы нөмір;
- **ҒЖБССҚК** - Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті.

## 3 Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

3.1 Конкурстың негізгі мақсаты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ жас ғалымдарының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және ғылыми әлеуетін дамыту болып табылады.

3.2 Конкурстың міндеттері:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ жас ғалымдарының ғылыми қызметін дәріптеу;
- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін перспективалы

Құжаттарды рұқсатсыз көшуге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEÝSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 4
---	---	---

ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі жастар бастамаларын қолдау;

- жастарға өздерінің ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық идеяларын дамыту мүмкіндігі.

#### **4 Конкурсты ұйымдастырушылар мен жұмыс органдары**

4.1 Конкурстың ұйымдастырушылары ҒЖИД және ЖҒК болып табылады.

4.2 Конкурстық комиссия Конкурстың жұмыс органы болып табылады.

4.3 Конкурстық комиссияға мыналар кіреді: ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, ҒЖИД директоры, ҒТК, СК, ЖҒК өкілдері.

4.4 Гранттардың саны мен сомасы Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ректорының бұйрығымен белгіленеді.

4.5 Бұл конкурс жыл сайын өткізіледі, конкурсты өткізу мерзімі Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Ректордың бұйрығымен белгіленеді.

4.6 Конкурстың өткізілуін бақылауды ғылыми жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

4.7 Ғылыми жобаларға грант-ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өтеусіз және қайтарымсыз берілетін бюджет қаражаты.

#### **5 Ұйымдастырушының және Конкурстық комиссияның функциялары**

5.1 Конкурсты ұйымдастырушы:

- конкурсты қажетті ұйымдастырушылық, сараптамалық және ақпараттық сүйемелдеуді.

- конкурсқа қатысушыларға конкурстық құжаттаманы дайындау және толтыру және өтінімді ресімдеу мәселелері бойынша кеңес беруді;

- конкурсқа қатысушылардан келіп түскен өтінімдерді жинауды және тіркеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

5.2 Конкурстық комиссия:

- Жеңімпаз - Өтінімдерді қарау және айқындау кезінде ашықтықтың, қолжетімділіктің, әділдіктің, жариялылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- ұсынылған Өтінімдердің конкурс шарттарына сәйкестігін тексереді;

- неғұрлым перспективалы өтінімдерді конкурстық іріктеуді жүргізеді;

- конкурс жеңімпаздарын анықтау бойынша қорытынды шешімдер қабылдайды.

5.3 Конкурстық іріктеуді конкурстық комиссия өтінімдердің әділ артықшылықтары негізінде дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 5
---	--	---

## 6 Конкурса қатысу үшін өтінімдер беру тәртібі

6.1 Конкурс өткізілетін жылы жасы 35 жастан аспайтын штаттық ПОҚ, ғылыми қызметкерлер, докторанттар мен магистранттар ғылыми зерттеулер жүргізу үшін грант іздеушілер бола алады:

- ғылыми мәселелерді шешу бойынша зерттеулер жүргізуге белсенді қатысатындар;

- Қазақстан Республикасының азаматтары (резиденттері) болып табылатындар.

6.2 Конкурса қатысушының(ки) маңызды ғылыми жетістіктері болуы тиіс:

- журналдардағы мақалалар;
- авторлық құқық объектілеріне құқықтарды тіркеу туралы патенттер және/немесе куәліктер;

- конференциялардағы баяндамалар.

6.3 Грант ізденуші конкурса ресімделген өтінімді ұсынады осы конкурс үшін қабылданған талаптарға сәйкес.

6.4 Осы конкурс шеңберінде әрбір Грант ізденуші бір өтінімнен артық бере алмайды.

6.5 Өткен жылдардағы Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың жас ғалымдарға арналған гранттар конкурсының жеңімпаздары, сондай-ақ ҚР ҒЖЖБМ «Жас Ғалым» грантының иегерлерін қоса алғанда, қабылданған постдокторанттар конкурса қатысуға жіберілмейді.

6.6 Бұрын басқа гранттар мен сыйлықтарға, сондай-ақ шет елдердің гранттары мен сыйлықтарына ие болған жұмыстар осы грантты алу конкурсына қатысуға жіберілмейді.

6.7 Конкурса ұсынылатын өтінім төменде келтірілген нысандарға сәйкес ресімделуі және мынадай құжаттардан тұруы тиіс:

- конкурса қатысушы туралы мәліметтер (А қосымша);
- ғылыми жобаның аннотациясы (Б қосымша);
- қосымшаға сәйкес ресімделген электрондық түрде (pdf форматында) жобаның тұсаукесері (В қосымша);

- жоба бойынша шығыстар сметасы (Г қосымша).

- ұсынылған жобаның өзектілігін растайтын кафедра отырысының шешімінен үзінді көшірме және қолданыстағы негіздің жұмыстың мәлімделген максаттарына сәйкестігі, сондай-ақ мәлімделген іздестіру ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуына кепілдік береді.

6.8 Өтінім бойынша конкурстық құжаттама конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде баспа және электрондық түрде ұсынылуға тиіс. Өтінімдер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қабылданады.

6.8.1 конкурса жұмыс бір түпнұсқа данада, нөмірленген, тігілген және қол қойылып расталған парақтарда ұсынылады.

Құжаттарды рұқсатсыз көшуге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 6
---	---	---

6.9 Құжаттар ҒЖИД-ге қағаз және электрондық түрде мына мекенжайға жіберіледі: 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Нұрсұлтана Назарбаев даңғ., 56., бас корпус, 228-каб.. Телефондары: 8(7212)56-51-87, 56-68-22 немесе ішкі 2226, e-mail: dn-kstu@mail.ru.

6.10 Гранттар бір жылға дейінгі мерзімге бөлінеді.

6.11 Конкурса қатысушы өтінімді жолдай отырып, ұсынылған жобада коммерциялық, Мемлекеттік және (немесе) өзге де құпияны құрайтын мәліметтер жоқ екенін растайды және ол бойынша конкурсты ұйымдастырушыға (оның ішінде жобаны бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында, Интернет желісінде орналастыру арқылы) ақпарат беруге өзінің келісімін береді.

6.12 Өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші оның:

- осы конкурса қатысу шарттарымен келісетініне;
- өтінімде ұсынылған ғылыми материалдардың құпиялылығын талап етпейтініне;
- мемлекеттік бюджет қаражаты және басқа да көздер есебінен қаржыландырылмайтын жоба тақырыбын мәлімдегеніне кепілдік береді.

6.13 Конкурса ұсынылған барлық өтінімдер 7-тармақта көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес бағалау парағы бойынша 1-ден 10 балға дейін бағаланады.

6.14 Конкурс шарттарына сәйкес келмейтін, ресімдеу ережелерін бұза отырып ұсынылған немесе ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімнен кейін конкурса келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

6.15 Конкурстық өтінімдерді қабылдамау себептері авторларға хабарланбайды.

6.16 Конкурстық өтінім материалдары авторларға қайтарылмайды.

## 7 Конкурстық іріктеу өлшемшарттары

Конкурс жеңімпазын анықтау үшін конкурстық өтінімдерді қарау кезінде мынадай өлшемшарттар белгіленеді:

№	Өлшемшарттың атауы	Ұпайлардың максималды мәні
1	Өзектілігі	10
2	Әдеби деректерді талдау және проблеманы қою	10
3	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	10
4	Жаңалығы	10
5	Өңделу дәрежесі	10
6	Зияткерлік меншіктің болуы (патенттер мен патенттердің алды, авторлық өнертабыстар, зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу)	10
7	Жобаның практикалық маңыздылығы	10
8	Әлеуметтік-экономикалық тиімділік	10

Құжаттарды рұқсатсыз көшуге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEÝSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 7
---	--	---

9	Жобаның күтілетін нәтижелері	10
10	Нәтижелерді қолдану саласы	10
<b>Барлығы</b>		<b>100</b>

## 8 Конкурсты өткізу, қорытындылау тәртібі

8.1 Конкурс комиссиясы Кеңес мүшесі – ғылым және инновациялар жөніндегі Проректордың бұйрығымен бекітіледі. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияда қатысушылардың жобаларын тыңдау рәсімін жүргізеді.

8.2 Жеңімпаздарды жобаларды таныстыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия айқындайды:

- әрбір өлшемшарт бойынша конкурстық комиссия мүшелері конкурсқа қатысушының балын айқындайды;

- балл саны барлық өлшемшарттар бойынша жинақталады, 7-тармақ.

8.4 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

8.5 Конкурстық комиссияның шешімі негізінде ректор конкурс жеңімпаздарына гранттар бөлу туралы бұйрық шығарады. Конкурс жеңімпаздары туралы ақпарат Конкурсқа қатысушыларға жеке хабарланады, сондай-ақ университеттің ресми сайтында орналастырылады ([www.kstu.kz](http://www.kstu.kz)).

8.6 Нәтижелер жарияланғаннан кейін конкурс жеңімпазы ҒЗЖ орындауға шарт жасасады, қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жоба бойынша шығыстар сметасын жасайды және ҒЗЖ-ны ҒЖИД-да тіркеу рәсімінен өтеді. Қолдау көрсетілетін жобаларды техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету ҒЖИД-ға жүктеледі.

8.7 Грант бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жобаларды орындаушылар ғылыми және қаржылық есептерді ұсынуы тиіс. Ғылыми есеп ГОСТ 7.32-2017 талаптарына сәйкес жасалады, жоба орындаушысының қолымен баспа түрінде ұсынылады және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор бекітеді. Қаржы есебі Г қосымшасына сәйкес жасалады, жоба орындаушысының және ғылыми-зерттеу жобалары бойынша шығыстарды сол салаға жетекшілік етеін бухгалтердің қолымен расталады.

8.8 Грант бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуы туралы есептерді жобаларды орындаушылар ҒЖИД-ға ұсынады және ҒТҚ отырысында қорғалады.

## 9 Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың құқықтары мен міндеттері

9.1 Қатысушылардың:

- конкурсты ұйымдастырушыдан Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі туралы толық ақпарат алуға;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 8
---	---	---

- конкурс өткізілгенге дейін кемінде екі күн бұрын өтінімді кері қайтарып алу немесе оған өзгерістер енгізуге құқығы бар.

#### 9.2 Жеңімпаз:

- грант алғаннан кейін 6 айдан кейін жұмыс нәтижелері бойынша ҒЖИД-ге аралық есеп беруге;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін грант алушы грантты пайдалану туралы: ғылыми зерттеулердің орындалуы туралы, олардың нәтижелері туралы жобаның күнтізбелік жоспарына (Б қосымшасы, 5-тармақ) сәйкес расталған құжаттармен-жұмыс кестесіне сәйкес ҒЖИД-ге қорытынды есепті ұсынады, плагиатқа қарсы жүйелерді пайдалана отырып жымқыруды (кемінде 70%) тексеруден өтуге міндетті;

- грант алған сәттен бастап бір жыл ішінде web of Science немесе Scopus дерекқорларымен индекстелген басылымда өз зерттеулерінің қорытындылары бойынша мақалалар жариялау, Егер мақала гранттың қолданылу мерзімі ішінде жарияланбаса, оны грант аяқталғаннан кейін 18 ай ішінде жарияланған түрде ұсыну қажет;

9.3 Берілген гранттың қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жағдайда ЖОО қаржыландыруды тоқтату және қаржы қаражатын қайтару туралы шешім қабылдайды.

9.4 ҒЗЖ бақылау нәтижелері құжатпен ресімделеді және грант бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды жасауға негіз болады.

9.5 Web of Science және Scopus базаларында индекстелетін журналдарда жоба жетекшілерінің жарияланымдары мақала орналастырылған журналдың түпнұсқа веб-бетінің URL мекенжайы болған кезде және осы басылымның ISSN сәйкес келген жағдайда ғана ескеріледі.

9.6 міндеттемелер орындалмаған жағдайда орындаушы әрбір кешіктірілген күн үшін 0,03% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

### 10 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы Ережені әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу ҚарТУ-дың ІЖ 01-2020 сәйкес жүргізілуі тиіс.

### 11 Келісу және қолданысқа енгізу

Осы Ережені келісуді Ереже Басқарма мүшесімен – ғылым және инновациялар жөніндегі Проректормен, ЭҚ және БЕД бас бухгалтерімен және ҒЖИД директорымен, Заң бөлімінің басшысымен келісіледі және келісу парағында (Д қосымшасы) ресімделеді.

### 12 Құжатты көбейту және тарату



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI»</b> <b>Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов</b> <b>атындағы қарағанды техникалық</b> <b>университетінің грантына ғылыми жобалар</b> <b>конкурсын өткізу туралы</b>	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 9
---	---	---

Осы Ережені тираждау және тарату ҚарТУ-дың ІЖ 01 - 2020 сәйкес жүргізілуі тиіс.

### **13 Сақтау**

Осы Ережені сақтау және тарату ҚарТУ-дың ІЖ 01 - 2020 сәйкес жүргізілуі тиіс.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 10
---	---	--

А қосымша  
(анықтамалық)

**Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «SAGINOV'S JAS ZERTTEŪSHILERI» грантына ғылыми жобалар конкурсына қатысушы туралы мәліметтер**

Жобаның атауы:	
Орындаушының ТАӘ (толық)	
Туған күні	
Жұмыс орны: <i>факультет, кафедра, лауызымы, мамандығы</i>	
Ғылыми қызығушылықтар саласы	
Басылымдардың жалпы саны	
Байланыс деректері (тел., e-mail)	
Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың толық жазылуы	
Өтінім берілген күн	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>«SAGINOV'S JAS ZERTTEÝSHILERI»</b> <b>Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы</b>	ІНҚ IV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 11
---	---	--

**Б қосымша**  
**(анықтамалық)**

**Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «SAGINOV'S JAS ZERTTEÝSHILERI» грантына арналған ғылыми жобалар конкурсына қатысуға арналған аннотация**

1. Жобаның атауы
2. Ғылыми міндет, мақсат, идея, өзектілік, жаңалық
3. Мәселені шешудің әдістері мен тәсілдері
4. Жобаны іске асырудан күтілетін нақты ғылыми нәтижелер
5. Жоба бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспары

Жұмыстың түрі	Жұмыстарды орындау кезеңі	Нәтижесі

6. Конкурса қатысушының жарияланымдары туралы мәліметтер

№	Шығу деректері	Жарияланымның түрі	ЖАК тізімінен басылым (иә/жоқ)	Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелген басылым (иә/жоқ)

7. Жобаның орындалу индикаторлары

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 12
---	--	--

Индикатордың атауы	Сандық деректер
Жоба шеңберінде дайындалған жарияланымдар саны	
Scopus немесе Web of Science ғылыми дәйексөздер базасында индекстелген журналдардағы мақалалар	
ҒЖБССҚК тізіміне енгізілген журналда мақаланы жариялау	
Мақаланы басқа журналдарда, жинақтарда және т. б. жариялау.	
Ғылыми конференцияда ұсынылған баяндаманың тезистерін жариялау	
Халықаралық ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу саны	
Патенттерді (лицензияларды, ЭЕМ бағдарламаларын, тіркеу үшін ноу-хауды) ресімдеу	
Монографияны жариялау	

Конкурска қатысушының қолы /толық/

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 13
---	--	--

В қосымша  
(анықтамалық)

Ф.02-2022

### Презентация құрылымы

1. Өзектілігі
2. Әдеби деректерді талдау және проблеманы қою
3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері
4. Жаңалық
5. Даму дәрежесі
6. Зияткерлік меншіктің болуы (патенттер мен патенттер алды, авторлық өнертабыстар, зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу)
7. Жобаның практикалық маңыздылығы
8. Әлеуметтік-экономикалық тиімділік
9. Жобадан күтілетін нәтижелер
10. Нәтижелерді қолдану саласы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	«SAGINOV'S JAS ZERTTEÝSHILERI» Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 14
---	--	--

Г қосымша  
(анықтамалық)

Ф.03-2022

**Жоба бойынша шығындар сметасы**

Шығындар түрлері	Шығындарды ажырату	Сомасы барлығы (теңге)
Іссапар шығындары	Іссапар кезеңіне арналған тәуліктік төлемдер	
	Іссапар бойынша көлік шығыстары	
	Тұру ақысы	
Редакциялық-баспа қызметтері	Мақалалар, тезистер, баяндамалар, монографиялар жариялау	
Конференция мен форумдарға қатысу ақысы	Қатысу жарналары	
Негізгі құралдар сатып алу	Жабдықтар, әдебиеттер және т. б. сатып алу.	
Материалдық қорлар сатып алу	Кеңсе тауарлары	
	Басқада шығын материалдары мен жабдықтау заттары	
Материалдық емес активтер сатып алу	Бағдарламалық қамтамасыз ету	
<b>БАРЛЫҚ ШЫҒЫСТАР</b>		





Конкурсқа қатысушының қолы /толық/

<b>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ</b>	<b>Жас ғалымдарға арналған Әбілқас Сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы «SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI»</b>	<b>ІНҚ IV-14-2024</b> 01 нұсқа Күні 2024.30.10 1-бет 16-дан
--	---	--

Д қосымша  
(міндетті)

Ф.04-2022

**Келісу парағы**

<b>Лауазымы</b>	<b>ТАӘ</b>	<b>Күні</b>	<b>Қолы</b>
Басқарма мүшесі – ғылым және инновациялар жөніндегі Проректор	А.Д. Мехтиев		
ЭҚ және БЕД бас бух- галтері	А.Х. Абильтусупова		
ҒжИД директоры Заң бөлімінің басшысы	Б.Д. Сулеев Г.С. Аязбаева		 

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>«SAGINOV'S JAS ZERTTEYSHILERI»</b> Жас ғалымдарға арналған әбілқас сағынов атындағы қарағанды техникалық университетінің грантына ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы	ІНҚ ІV Нұсқа 01 Күні 2024.10.30 Бет 16-дан 16
---	---	--

Е қосымшасы  
(міндетті)

Ф.02-2022

**Танысу парағы**

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы